


АКЖАКЕЧ

ISSN 0234 — 6818

№ 8 ТАМЫЗ 1996



АСҚАЗАНДАҒЫ ЖЫЛАН

Мен бұл оқиғаны қағазға түсірместен бұрын әр жерде, өркімге сан мәрте ауызша айтып бердім. Сөйтсем жылан жайында, жыланға қатысты таңғажайыптар қисапсыз екен. Өз басынан кешірген жағдаятты бірі шаттанып шертсе, екіншісі етегі жасқа толып еңіреп еске түсіреді. Ал қайсыбірлері қараптан-қарап отырып ең-түстен айрылып суық аждаһаның аты аталғаннан қалшылдап шыға келді-ау. Тіпті, осынау мезетте ондайлардың алдына ала жіпті тастай салсаң жетіп жатыр. Біраз қызыққа кенелерің айдай анық.

Жылан турасындағы аңызға бергісіз түрлі-түрлі өңгімелердің сорабы да, тіні де ұқсас көрінуі әбден мүмкін. Бірақ... Қиял-ғажайып ертегілердей оқшау оқиғалардың қай-қайсысы да кімді болсын бейжай қалдырмаса керек. Мәселен, жылан баққан сәби, мәшинелер керуенін тоқтатқан жыландар көші, үй торыған жылан, көктен жауған жыландар, жылан жегіш адам, жол бастаған жылан, атпен жарысқан жылан, жыланмен бірге ұйықтайтын келіншек, жылан арбаған қоян... Жыландар хақындағы хикаяларды осылайша тізбелей беруге болады.

Сөйтсе де жоғарыда мегзегендей естіген жанның жағасын ұстатып, таңдайын тақылдатар асқазандағы жылан оқиғасына оралайық. Бұл Алматы төңірегіндегі ауылда болған қызық та, қорқынышты жәйт. Әр жылдары өзі көрген елең еткізер бір-біріне ұқсас екі ғажайып көріністі ауыл тұрғыны Бошай ақсақал әңгімелеп берген еді.

— Тіршілікте адам айтса нанғысыз құбылыстар

кездесіп қалады. Біріне сенсең, екіншісіне сенбейсің. Көріп тұрып иланбайсың-ау! Абайсызда ауыздарына жылан кіріп кеткен екі адамның қиын сәттегі кескін-келбетін өмірбақи ұмытпаспын, сірә! — Өткенді қайта жаңғыртқан Бөкең аз-кем бөгеліп, абыржулы жүзімізге барлай жанар жүгіртті.

— Ой, алла-ай! Рас айтасыз ба?

— Естімеген елде көп деген осы шығар!..

— Өзі болған оқиға ма?

— Сонда, қалай тірі қалған?!

Тұс-тұстан жауған сауалға тақ-тұқ жауап бергісі келмеген ол әңгімесін асықпай өрбіте бастады:

— Несіне өтірік айтайын. Бүкіл ауыл біледі. Қартабай ақсақал бертінде дүние салды. Ал, Анна кемпір түк көрмегендей өлі тірі жүр емес пе. Екеуі де бар пәлені ұйқыдан тапқан.

Өзінің айтысына қарағанда шөп шауып жүрген Қарекен талдың көлеңкесіне жантайған бетте мызғып кеткенге ұқсайды. Аузын ашқан күйі сілейіп қатып қалған оның үңірейген аузын өлдеқайдан сумаңдап шыға келген жылан ін екен деп сүңгіп жүре берген шамасы. Әбден қалжыраған ол мүлдем сезбепті-ау. Бір уақытта барып тітіркеніп оянған Қарекен үсті-басын қағып-сілкіп жұмысына кірісіп кетеді. Сол күні тамақ ішіп отырған күйеуінің бойынан бұрын-соңды ұшыратпаған жайды байқаған келіншегі «Немене, бүгін өзіңнің араның ашылап кетіпті ғой. Жоқ, өлде, ішіңде жыланың бар ма?» дейді өзілдеп. Күтпеген жерден әйелінің аузына құдай салған бұл сөз оны еріксіз алаңдатады. Шынында тамаққа тоймайтын секілді. Іле-шала әйеліне көңілін күпті қылған күдікті ойын білдіреді.

«Бағана күндіз далада аузым ашылып өліп ұйықтап қалыппын. Сонда ішіме жылан кіріп кетпеді ме, екен? Ойында ештеңе жоқ зайыбы екіұштылау тіл қатады. «Қойшы, әрі, қайдағыны айтып. Аузыңа ирелеңдеп кіріп бара жатқан жыланды сезбей не қара басып жүр?..»

Секем ой жетелеген ол ертеңінде аудандық ауруханаға барып айнаға түсіпті. Ренген қателеспейді ғой. Асқазандағы жыланды көрген дәрігерлер шошып кетеді. Бұған дейін кездестірмеген таңқаларлық көрініс. Операция жасауға батылдары бармаған оларды қинағаны — қилы-қилы болжамдар. Дәрі-дәрмек беріп түсіруге тәуекелдік етпейді. Тірі жылан операция кезінде денеге уын жайып жіберуі, әйтпесе шағып алуы мүмкін. Шақшадай басты шарадай еткен шарасыздық...

Көпті дегбірсіз күйге түсірген жайды естіген көне көз қария өз кеңесін айтады.

— Өлгі ащы суыңнан ештеңені араластырмай тура бір литрін ішіп көргейсің.

— Ақсақал-ау, айтып отырған ащы суыңызды түсінбедім. Арақ па? — дейді дел-сал Қартабай.

— Иә. Көдімгі арақ, ішіп жүрген асың емес пе? Байқашы, бір шипасы содан-ақ болар.

Ұстараның жүзінде қылпылдаған тағдырын ойлаған ол екі сапар кесені шүпілдетіп тартып жібереді. Артынша төлтіректен ойнақтап шыға келген Қаракен томардай қара шалдың ақылы арқасында ажал құрсауынан құтылыпты. Уды у қайтарады, демекші арақ асқазандағы жыланды турап-турап ірітіп түсірген...

— Ойпыр-ма-а-й!.. Көрер жарығы көп екен.

— Дұрыс айтасыз. Жұрт «жылан жұтқан» атап кеткен Қартабай одан кейін де біраз жыл өмір сүрді.

Ғажайып әңгімеге еліткен біз Бөкеңнен Анна кемпірдің басынан кешкендерін айтып беруін өтіндік.

— Ол оқиға да осыған ұқсас. Тау бөктеріндегі алма бағында жұмыс істейтін орыс әйелі ыстық қайтқанша көз шырымын алғысы келеді баяғы. Бір кезде тамағын жыбырлатқан мүп-мұздай әлденеден қатты шошып ояңған сәтте ауызынан бір тұтамдай жыланның құйрығын көзі шалып қалады. Зәресі ұшқан ол қол-аяғын таңып тастағандай, жатқан жерінен тұра алмайды. Тұла-бойын суық тер жуған оның табанда басына жетіп келгені: «енді бірер минуттан кейін өлетін шығармын...» Қасына самбырлап сөйлеп күзетші шал жетіп келмесе, үн-түнсіз көкке тесілген меңіреу қалпы жата берер ме еді.

Өң-түссіз бозарған әйел күзетшіге аузын көрсетеді қолымен.

— «Әй, пәтшағар, тілің байланып қалған ба? Сенің ымыңды түсінетін адамды тапқан екенсің. Немене, тісің ауыра ма? Басыңды шайқайсың ғой шөниіп. Әлде, жапан түзде ұйықтап қалып, аузың қисайып кетті ме, өзіңнің?! Енді маған не дейсің? Әншейінде самбыр-самбыр етіп жалғыз өзің бүкіл бақты басыңа көтеруші ең. Жын қағып-ақ кеткен шығар?..»

Сұлқ жатқан Аннаның о жағына бір, бұ жағына бір шыққан күзетші шалдың «жын қақтымасы» жанына батқан әйел «Жоқ!» деп оқыстан орнынан ұшып түрегелгенде күзетші шал серең ете қалады.

— Жылайсың ба, күлесің бе?

Иненің ұшында отырғандай күй кешкен біз де өзімізді ұстай алмай қарқылдап күлдік — ау...

Жымыңдаған Бөкең әңгімесін қайта сабақтаған:

— Бар жайды естіп-білген күзетші шал «аузыңды көрсете бергенше дұрыстап түсіндірмейсің бе?» дейді. Ештеңе етпес. Тездетіп үйіңе жет те жылытылған сүтті кішігірім ыдысқа құйып алып аузыңа тақатып қозғалмай ұстап жат. Сүттің исін сезген жылан басын қылтитып көрсетуі мүмкін, оған қорықпа. Сүтті білдірмей аузыңнан ері таман жылжыта бер, жылжыта бер. Әрине, асқан төзім мен шыдам қажет. Сүтке бой үйреткен жыланды толық шығып кеткенше үркітіп алмағайсың...

Көрші-қолаң да Аннаға сабыр тілеп, көпті көрген қарттың бұл ақылын жөн деседі. Сөйтіп, абырой болғанда алғашқы күні жалғыз мәрте ғана басын қылтитқан суық жылан ертеңінде сүтке мойнын созған күйі сыртқа шығып кетіпті.

...Міне, аңызға бергісіз асқазандағы жылан оқиғасы жөніндегі ақиқаттың мән-жайы осындай. Сенесіз бе, сенбейсіз бе?! Оны өзіңіз білесіз...